

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Қостанай облысы әкімдігі  
мәдениет басқармасының  
«Рудный тарихи-  
өлкетану мұражайы» КММ  
2018 жылғы «05» сәуірдегі №15  
бұйрығына қосымша

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

**1. Қоғамдық қатынас саласының атауы:** мәдениет саласында.

**2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жасаушының атауы:** Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау.**

3.1. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (одан әрі - Мекеме) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес дайындалды және мекеме қызметіндегі ұсыныстар жүйесін білдіреді.

3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты және жауапкершілікті қалыптастыру;
- жемқорлық көрінісін уақытында анықтау және оның жағымсыз зардабын болдырмау;
- жемқорлық көрінісіне құқықтық сауаттылықты арттыру және нәлдік төзімділік.

3.3. Жемқорлыққа қарсы стандартты Мекеменің барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

**4. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің мінез-құлық ережесі (әрекеті)**

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт көтерілген саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда Мекеме қызметкерлері міндетті:

- 1) заңдылық қағидаттарын, Конституция талаптарын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;
- 2) мүдделер қайшылығының кез келген пайда болу мүмкіндігіне жол бермеу шараларын қолдануға;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда қиындық тудыратын әрекетке (әрекетсіздікке) жол бермеуге;
- 4) өзінің лауазымдық өкілеттілігін және сонымен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін қолданбауға;
- 5) жоғары кәсіби жұмыс үшін бар күшінді жұмылдыруға, алдыға қойылған міндеттерді шешуде оңтайлы, үнемді және басқа да құзырлы шешімдерді қабылдауға;
- 6) қызметтік міндеттерді тиімді орындау үшін өз кәсіби деңгейі мен біліктілігін тұрақты көтеруге;
- 7) қызметтік жағдайды теріс пайдалануға, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде негізсіз салғырттық пен сөзбұйдаға салу көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен теріс түсіністік көріністеріне жол бермеуге;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 9) әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауды және сақтауды талап етуге;
- 10) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға, берілген өкілдікті тиімді жүргізуге;
- 11) қызметтік міндеттерді адал, әділ және сапалы орындауға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;
- 12) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеуге, олардың ықпалына тәуелді болмауға;

- 13) әріптестерге және азаматтарға қатысты орынсыз айыптауларға, дәрекілік, адамның адамгершілігін төмендету фактілеріне, жөнсіздікке, әдепсіз қылыққа жол бермеуге;
- 14) міндеттерді орындау барысында объективті және шынайы мәліметтерді басшылыққа алуға;
- 15) Мекеме қызметкерлерінің жеке деректер туралы мәліметтерді үшінші тұлғаға негізсіз беруіне жол бермеуге;
- 16) мемлекет мүлкін сақтауды қамтамасыз етуге;
- 17) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға;
- 18) тексеру іс-шараларында мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы жалпы ережелерді сақтауға;
- 19) оларға белгілі болған жемқорлық құқық бұзушылық оқиғалары туралы ұйым басшысына, мәдениет басқармасының басшысына, немесе жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға тез хабарлауға;
- 20) тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алумен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырғанда ұсынылады: мемлекеттік сатып алуларға пайдаланылатын ақшалай қаражатты ұтымды және тиімді жұмсауға; әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысуға тең мүмкіндік беруге; мемлекеттік сатып алу барысының ашықтығын және шынайылығын қамтамасыз етуге міндетті.

#### 4.2. Мекеме басшысы:

- 1) мінез-құлығымен әділдік, адалдық, риясыздық, жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауға үлгі болады;
- 2) қарамағындағылардан олардың лауазымдық өкілеттік шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ заңға қайшы келетін тапсырмаларды орындауды талап етпейді;
- 3) лауазымдық өкілеттікті орындауға қатысты емес және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқауларды шығаруға жол бермейді;
- 4) жемқорлықтың алдын алатын және жемқорлық құқық бұзуды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды түбегейлі жоятын шараларды қабылдайды;
- 5) еңбек жүктемесінің қарамағындағы лауазымды тұлғалардың арасында әрқелкі бөлінуіне жол бермейді;
- 6) олардың қызметінің нәтижесін бағалауда, сондай-ақ ынталандыру және тәртіптік жаза шараларын қолдануда әділ және шынайы болады;

#### 5. Өзге де шектеулер мен тыйымдар.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тыйым салынады:

- 1) қызметтік әрекеттің материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта қолдануға;
- 2) өз тарапынан заң талаптарын бұзуға жол беруге, қоғамдық адамгершілік, тәртіп және қауіпсіздікке қол сұғуды ұштастыруға және басқа азаматтарды құқыққа қайшы, қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартуға;
- 3) қызмет бабын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, өзге де коммерциялық емес ұйымдардың мүддесі үшін қолдануға;
- 4) қызметкерге заңды тұлғалардан да, жеке тұлғалардан да оның еңбек қызметіне байланысты сыйақы ретінде беретін сыйлықтар, ақшалай сыйақы, қызметтер, демалыс, ойын-сауық шығындарына төлем, көлік шығындары төлемін, ұялы байланыс төлемдерін және басқа да сыйақыларды алуға тыйым салынады.

[Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі](#)



## АЗАМАТТАРҒА ЖАДЫНАМА! ЕГЕР СІЗДЕН ПАРА ТАЛАП ЕТСЕ!?



1 - ТЫҢДАП, ПАРА БОПСЛАУДЫҢ ШАРТАРЫН ДӨЛ ЕСТЕ САҚТА



2 - ӨЗІНДІ ӨТЕ САҚ ИСТЕ, ПАРА БЕРУГЕ ДАЙЫН ЕКЕН ДЕП ОЙЛАП ҚАЛАТЫНДАЙ АСЫҒЫС ШЫҚ АЙТУУА ЖОЛ БЕРМЕ



3 - ПАРА БЕРУ УАҚЫТЫ МЕН ОРЫН НЕЛЕСІ АҢГІМЕЛЕСУГЕ ДЕЙІН АУЫСТЫРУУА ТЫРЫС



4 - ПАРА БОПСАЛСА БІРДЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮПІН

Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша хабарлаған немесе онымен күресуге атсалысқан азаматтар қылмыстық жауапкершіліктен босатылады, бірақ олар ақшалай сыйақы алады және мемлекеттің қорғауында болады.

### ҚАЙДА ҚОҢЫРАУ ШАЛУҒА БОЛАДЫ?

ҚР БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ ҮШІН CALL-CENTER - 1424

ӨРБІР АДАМ ӨЗ ШЕШІМІН ҚАБЫЛДАУҒА ЕРІКТІ. СІЗДІҢ КӨМЕГІНСІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС АЙТАРЛЫҚТАЙ БӨСЕҢДЕДІ.



АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ  
И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ

## ВНИМАНИЕ, ПОМНИ!



### ДАЧА ВЗЯТКИ

ЛИШАЕТ СВОБОДЫ И БУДУЩЕГО

В КАЗАХСТАНЕ В 2016 ГОДУ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ ОСУЖДЕНО БОЛЕЕ 100 ЧЕЛОВЕК. УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС ПРЕДУСМАТРИВАЕТ НАКАЗАНИЕ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ СРОК ДО 15 ЛЕТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ С КОНФИСКАЦИЕЙ ИМУЩЕСТВА.

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ:

CALL - CENTER 1424



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

## НАЗАР АУДАР, ЕСІНДЕ САҚТА!



### ПАРА БЕРУ - БАС БОСТАНДЫҒЫҢНАН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫҢНАН АЙЫРАДЫ!

ҚАЗАҚСТАНДА 2016 ЖЫЛЫ ПАРА БЕРГЕНІ ҮШІН 100-ДЕН АСТАМ АДАМ СОТТАЛҒАН. ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКС ПАРА БЕРГЕНІ ҮШІН 15 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМДЕ БАС БОСТАНДЫҒЫҢНАН АЙЫРУ ЖӘНЕ МҮЛКІН ТӨРКІЛЕУ ЖАЗАСЫН ҚАРАСТЫРАДЫ. ЕГЕР СІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАП БОЛСАҢЫЗ ТӨМЕНДЕГІ НОМІРГЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

CALL - CENTER 1424



### ПАМЯТКА ДЛЯ ГРАЖДАН! ЧТО ДЕЛАТЬ ЕСЛИ У ВАС ВЫМОГАЮТ ВЗЯТКУ?



1 - ВЫСЛУШАТЬ И ТОЧНО ЗАПОМНИТЬ УСЛОВИЯ ВЫМОГАТЕЛЬСТВА ВЗЯТКИ



2 - ВЕСТИ СЕБЯ КРАЙНЕ ОСТОРОЖНО, НЕ ДОПУСКАЯ ОПРОМЕЧЛИВЫХ ВЫСЛЫЗАВАНИЙ, КОТОРЫЕ МОГЛИ БЫ ТРАКТОВАТЬСЯ КАК ГОТОВНОСТЬ ДАТЬ ВЗЯТКУ



3 - ПОСТАРАТЬСЯ ПЕРЕНЕСТИ ВРЕМЯ И МЕСТО ПЕРЕДАЧИ ВЗЯТКИ ДО СЛЕДУЮЩЕЙ БЕСЕДЫ



4 - СРАЗУ ПОСЛЕ ВЫМОГАТЕЛЬСТВА ОБРАТИТЬСЯ В АНТИКОРРУПЦИОННУЮ СЛУЖБУ

Гражданин, сообщивший о факте коррупции или иным образом оказывающий содействие в борьбе с ней, освобождается от уголовной ответственности, поощряется в форме одновременного денежного вознаграждения и находится под защитой государства.

### КУДА ЗВОНИТЬ?

CALL-CENTER ДЛЯ ВСЕХ РЕГИОНОВ РК - 1424

КАЖДЫЙ ЧЕЛОВЕК СВОБОДЕН В ВЫБОРЕ СВОЕГО РЕШЕНИЯ. БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ БЕЗ ВАШЕЙ ПОМОЩИ ЗНАЧИТЕЛЬНО ЗАМЕДЛЯЕТСЯ.